



Аудан айнасына 60 жыл

МӨЛДІР БҰЛАҚ

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ, – ДЕДІ ОБЛЫС ӘКІМІ ЕРБОЛ ҚАРАШӨКЕЕВ АКЦИЯ БАРЫСЫНДА

Ел азаматтарының экологиялық жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға, халықтың экологиялық сана деңгейін арттыруға және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін дамытуға бағытталған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мемлекеттік маңызға ие іс.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Бұл ретте, облысымызда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Мөлдiр бұлақ» экологиялық акциясы ұйымдастырылды. Табиғи су көздерін қорғау, бұлақтар мен өзен-көлдерді қоқыстан тазарту, сондай-ақ жастардың бойында табиғатқа жанашырлық пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруды мақсат еткен іс-шараны Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігі өткізді. Тағылымы терең республикалық бастама Наурызана онкүндігінің «Тазару күнімен» тұспа-тұс келіп, өз мәнін одан әрі айшықтай түсті.



Акция аясында облыс әкімі Ербол Қарашөкеев пен Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов ауданымыздағы Жалғызтал бұлағының көзін ашып, айналасын абаттандырып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Игі іске өңір жастары белсенді атсалысты. Әсіресе,

министрліктің бастамасымен облысымызда алғаш рет құрылған «Болашақтың қайнары» еріктілер қозғалысы ерекше белсенділік танытты. Бұл қозғалыс қатарына Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің білімгерлері де қосылып, табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстарға үлес қосты.

Айтулы акцияда Нұржан Молдиярұлы еріктілердің қоғамдағы ролін ерекше

атап өтті. Оның айтуынша, «Болашақтың қайнары» бастамасы – еліміздегі су саласына бағытталған алғашқы еріктілер қозғалысы. Бұл жобаның Жамбыл өңірінен бастау алуы Тараз қаласында Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің ашылуымен тығыз байланысты. Алдағы уақытта игілікті іс республика көлемінде жалғасын табады.

Өз кезегінде аймақ басшысы бұлақтың көзін ашу ата-бабадан жеткен асыл аманат екенін баса айтты.

– Қазақта «Бұлақ көрсен, көзін аш» деген дана сөз бар. Өйткені бұлақ – тіршіліктің бастауы, өмірдің нәрі. Оның мөлдiр суы – табиғаттың бізге тарту еткен ең асыл сыйы. Сондықтан бұлақтың көзін ашып, айналасын ретке келтіру – әрбір азаматқа парыз. «Таза Қазақстан» бастамасы ел өміріндегі маңызды қағидаттардың біріне айналып отыр. Мемлекет басшысы айтқандай, тазалық әр адамнан, әр үйден, әр көше мен әр қаладан басталуы тиіс. Себебі, бұл – бір күндік шара емес, бұл – біздің өмір салтымыз. Осы игі іске үлес қосып жүрген барша азаматқа шынайы алғысымды білдіремін, – деді Ербол Шырақпайұлы.

Келесі кезекте облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев сөз сөйлеп, ақ батасын берді. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бекболат Орынбеков пен су саласының ардагері Берік Нұралиев акцияның қоғам мен жастар тәрбиесіндегі маңызына тоқталды.

Аталған іс-шараға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы да қатысып, игі бастаманың жүзеге асуына өз үлесін қосты.

Айтулы экологиялық акция аймаққа қарасты барлық өңірде жалғасын тауып, кең көлемде өткізілді.

ДАЛА ДҮБІРІ

6390 ГЕКТАР ЖЕРГЕ АРПА СЕБІЛДІ

Жамбыл ауданының еңбеккерлері көктемгі дала жұмыстарын бастап кетті. Дихандар қазір жер жыртып, егіс алқаптарын әзірлеп жатыр. Олардың алдында көктемгі егіс жұмыстарын сапалы және дер кезінде өткізу міндеті тұр.

Ағымдағы жылы аудан бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс көлемі 51640 гектарды құрайды. Жаздық арпа, майлы дақылдар, қант қызылшасы, картоп, көкөніс-бақша және мал азығы дақылдары кең көлемде егіледі. Бүгінгі таңда 6485 гектар жер жыртылды. 6390 гектарға жаздық арпа, 1195 гектарға көпжылдық шөп, 2060 гектарға пияз дақылдары орналастырылды.

Көп жыл бойы ауыл шаруашылығымен айналысып келе жатқан, оның ішінде егін шаруашылығына ден қойған Гродиково ауылдық округіндегі «Тимофеев» шаруа қожалығы көктемгі дала жұмыстарына ерте кірісті. Мереке күндеріне қарамастан шаруашылықта бар 3539 гектар жердің 300 гектарына жаздық арпа септі. Көктемгі дала жұмыстарына уақыт бөліп, шаруашылықтың тиянақты тірлігін көзбен көрген аудан әкімінің орынбасары Нұржан Мұқашев пен аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бауыржан Токтасынов шаруалардан жұмыс барысын сұрап білді.

«Шұғыла»-ақпарат.



Бейсенбі күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Көлқайнар, Қарасу, Ақбастау ауылдық округтеріне барып, жергілікті жұртшылықпен жүздесіп, өткен жылды қорытындылады. Былтырғы жылы аудан

ШАРУАЛАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

көлемінде тиянағын тапқан тірліктерді тілге тиек етіп, ағымдағы жылға жоспарланған жұмыстарға тоқталды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері көңіл көншітетінін алға тартты. Ауылдағы ағайынды не толғандыратынын сұрап білді. Үш ауылдық округте де жайылым жер мәселесі өзекті әрі түйткілді болып тұр.

→ 2



ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

САЛАУАТТЫ ҰЛТ – МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында халық денсаулығын сақтау мен ұлт саулығын нығайтуды мемлекеттің ұзақмерзімді стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде айқындап, денсаулық сақтау жүйесін кешенді түрде дамыту қажеттігін нақты тапсырмалармен бекітті. Президент атап өткендей, «халықтың әл-ауқаты ең алдымен оның денсаулығына байланысты». Сондықтан бұл саладағы саясаттың тиімділігі ел дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады.

Жолдауда алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, аурулардың алдын алу шараларын күшейту, әсіресе әлеуметтік мәні бар дерттерді ерте кезеңде анықтау, ауыл мен қала арасындағы медициналық қызмет көрсету деңгейіндегі алшақтықты азайту қажеттігі ерекше айтылды. Сонымен қатар, медицина саласын цифрландыру, заманауи технологияларды енгізу, кадрлық әлеуетті нығайту және медициналық инфрақұрылымды жаңғырту бағыттары басым міндеттер ретінде белгіленді.

→ 2

ШУАҚТЫ ШАҢЫРАҚ

Сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткен қазақтың төл өнері – ұлт руханиятының алтын арқауы. Ананың әлдіі мен әженің тағылымды әңгімесімен өрілген қолөнер – тек тұрмыстық бұйым ғана емес, тәрбиенің темірқазығы, ұлттық болмыстың айнасы. Осы асыл мұраны дәріптеу мақсатында аудандық орталық кітапханада Наурызанама онкүндігіне орай «Шуақты шаңырақ» жобасы аясында «Шаңырақ» күніне арналған «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» атты мәнді шара өтті. Бұл басқосуға Юрий Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 9 «Б» сынып оқушылары қатысып, ұлттық өнердің терең мәнімен, оның тәрбиелік құндылығымен танысты. Сонымен қатар шараға мектеп мұғалімдері, аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері, әжелер мен шебер әйелдер қатысып, балаларға қолөнердің қыр-сырын көрсетті.

Әжелер тәрбиесі – ұрпаққа аманат



Аружан КҮНТУБАЙ

Шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақты ұлттық қолөнерді қадірлеуге баулу, ісмерлікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жүн өңдеу дәстүрі мен оның технологиялық ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру, сондай-ақ оқушылардың ептілігі мен икемділігін дамыту.

Кешті «Шуақты шаңырақ» жобасының жетекшісі Құралай Асхагаева ашып, «Қазақтың ұлттық қолөнері» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Ол өз сөзінде ата-бабадан қалған қолөнердің маңызына тоқталып, «Жүнді кәдеге жаратқан» тақырыбында жүн түту әдісінің ерекшеліктерін кеңінен түсіндірді.

Кеш барысында жобаның ақ жаулықты әжелері «Ұршық – қазақ халқының мұрасы» бөлімінде ұршық иіріп, жүн түтудің қыр-сырын іс жүзінде көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Әжелердің өнегелі ісі мен тағылымды әңгімелері жас буынға ерекше әсер қалдырды. Сонымен қатар «ауылдың алты ауызы» дәстүрімен халық әндері шырқалып, «Дедім-ай», «Сәулем-ай» әндері арқылы үлкен мен кіші буын арасындағы рухани сабақтастық айқын көрініс тапты.

Шара аясында «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын әдебиеттер кеңінен таныстырылды. Сондай-ақ «Ұршық иіру мен жүн түту ісі» тақырыбындағы слайд көрсетілімі ұйымдастырылып, көрермен қауымға қосымша ақпарат ұсынылды.

АЛТЫН ҚАЗЫНА

Ұлттық өнерді ұлықтаған көрме

Көктемнің шуағы төгіліп, жер-жаһан жаңарған Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен астасқан бұл кезеңде ұлттық өнерге деген құрмет те ерекше жандана түсетіні анық. Табиғат түлеп, тіршілік жаңарған шақта ата-бабадан аманат болған асыл мұра – қолөнерді дәріптеу де игі дәстүрге айналған.

Аружан КҮНТУБАЙ

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен техникалық шығармашылық және кәсіби бағдар беру орталығында «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының аудандық көрме-байқауы жоғары деңгейде өтті. Ұлттық өнерді ұлықтауға бағытталған бұл шара жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін шыңдап, ата-баба мұрасын дәріптеуге жол ашты.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру және дәстүрлі қолөнерді жаңғырту бағыттарында ұйымдастырылған



додаға 7 номинация бойынша 24 оқушы қатысып, өздерінің үздік туындыларын көпшілік назарына ұсынды.

Көрме-байқау жұмысына тәжірибелі мамандардан құралған қазылар алқасы төрелік етті. Атап айтқанда, Мұқан Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Меруерт Сейділдаева, аудандық тарихи-өлкетану музейінің қолөнер әдіскері Айдаһар Исмаилова және орталықтың педагогі Ақнұр Еліқұл қатысушылардың еңбектерін саралап, әділ бағасын берді.

Шара барысында аудандық білім бөлімінің әдіскері

Эльмира Түркменова байқаудың маңыздылығына кеңінен тоқталды. – Наурыз – жаңару мен жаңғырудың бастауы. Осындай мерейлі мезетте ұйымдастырылып отырған бұл байқау – ұлттық өнерімізді ұлықтаудың, өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңірудің жарқын

ЖЫР-ШАШУ

НАУРЫЗ – ТОЙ

Байтанағали ТӨЛЕНТАЕВ

Наурызда бар табиғат нұрланады, Ашылып Жаңа жылдың тың парағы. Көңілді тербетеді бозқараған, Жалтырап жаңа бүршік – сырғалары.

Малынып шық – сәулеге жағалауы, Сылдырап сазды өзен – су ағады. Желпиді көктегі үні тырнарлардың, Бұл сәтте ой да өсіп жаңарады.

Наурыз – той ежелден-ақ өнегелі, Өр жүрек қуанышқа кенеледі. Жарқырап түннің жұлдыз – кемелері, Күн мен түн бұл уақытта тенеледі.

Адамдар қуанысып, көреседі, Сырларын жаңа жылғы бөлеседі.

Еридi Самарқанның көк тасы да, Қалғандар ренжісіп келіседі.

Наурыздан мен де тәлім алғандаймын, Наурызда мен де биік армандаймын! Наурызда ашушы едік бұлақ көзін, Сағынып сол күндерді қалғандаймын?

Сыйлығын тартпақ болып наурызға бір, Түнімен күмбірледі жылы жаңбыр. Ал, күндіз?.. Күн шықты деп жас балалар, Даладан қалды естіліп дабыр-дүбір?

Өз-Наурыз шаттығымен келе берсін, Той көркін үлкен көрсін, бала көрсін?.. Наурыз – той, Наурыз – думан,

Наурыз – ғажап, Өзінің берекесін ала келсін!..

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАСТЫ ТАЛАП БОЛУЫ КЕРЕК

Жақында Ернар ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруға бағытталған «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Жиынға округ әкімі аппаратының қызметкерлері мен мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты мамандар қатысты.

Басқосуда округ әкімі Ержан Жолбай тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттырудың маңыздылығына тоқталды. Ауыл әкімі жиын барысында тұрғындар тарапынан келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстарды уақтылы қарау қажеттігін айтты. Осы мақсатта 5-24-14 нөмірлі «сенім телефоны» жұмыс істейтінін, сондай-ақ азаматтардың арыз-шағымдарына арналған арнайы жәшік орнатылғанын ескертті.

Жиын соңында округ әкімі



мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қажеттігін айтып, заң талаптарын сақтау әрбір қызметкердің басты міндеті екенін атап өтті. Сонымен қатар аппарат мамандары көрсетілетін қызметтердің жаңа қағидаларымен танысып, талқылады.

Айдана ӘЛІМҚҰЛОВА,
Ернар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

МЕРЕКЕ МЕЗИРЕТІ

Ұлыстың ұлы күні
кеңінен тойланды

Наурыз – көктем мен еңбек мейрамы. «Жаңа күн», «жаңару» деген мағынасына сәйкес алдағы барлық жақсылық осы күннен басталады.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде «Тіршілікті түлетіп, табиғатқа жан бітіретін Наурыз – біздің төл жаңа жылымыздың бастауы, жаңғыру мен жаңа өмірге ұмтылудың нышаны. Ежелгі жыл қайыру дәстүрі – халқымыздың терең танымы мен тағылымды тарихының көрінісі» деген болатын. Жұртымыз Наурызды бірлік пен татулықтың, еңбек пен ізгі амалдардың мерекесі деп қабылдайды. Бір-бірімізбен қуана көріскеніміз, амандық пен саулық сұрасқанмыз, жұмысқа бірге жұмылғанымыз, келісім мен достықты дәріптегеніміз асыл қасиеттерімізден, кішіпейілдік пен бауырмалдықтан туындап жатса керек.

Осыны бағдар еткен ауданымызда Ұлыстың ұлы күні Аса ауылындағы мәдени-демалыс кешенінде кең көлемде тойланды. Әуелі лэд экраннан мерекеге арналған бейнебаян көрсетілді. Мерекеге сай безендірілген сахнада «Керней» аспабының дауысымен екі жаршы жігіт Наурыз мейрамы басталғанын дүйім жұртқа жар салды. «Аса сазы» халықтық ансамблі биші қыздардың сүйемелдеуімен «Бабалар мекені» күйін орындаса, «Салбұрын» тобы халық әндерінен попури айтты.

Жергілікті жұртшылықпен бірге мерекені атап өтуге келген аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы сахнаға көтеріліп, мерекемен құттықтады.

– Жыл басы ретінде тойланатын осынау жаңа күнді қайырлы халқымыз ерекше құрметпен қарсы алады. Жаңа күннен жағымды жаңалық күтеді, мол ғибрат пен

тағылым табады. Мерейлі күн егемен елімізге берекесін алып, жыл құсындай ортамызға оралып отыр. Күн мен түн тенеліп, жер-ана күннің шуағына бөленіп жатқан

денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға бақ-дәулет, бірлік пен береке тілеймін. Мереке тәуелсіз елімізге, туған жерімізге, әрбір отбасына молшылық пен

Смайыловты төрге оздырып, иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Келесі кезекте аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары көпшілік назарына «Төрлет, Өз-Наурыз!» атты театрландырылған концерттік бағдарламасын ұсынды. Мерекеге арнайы шақырылған танымал әнші, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Досымжан Танатаров әсем әндерін әуелетті.

Мерекеде аудан ардагерлері киіз үйлерге кіріп, бата қайырып, наурызкөжеден дәм тағты. Жастар жағы алтыбақан теуіп, ән айтып, би биледі. Жігіттер жағы аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы ұйымдастырған, яғни бір тасын көтеру, қазақ күресі, қол күресі, ләңгі тебу, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ, арқан тарту, кіші футбол секілді спорт түрлері бойынша сынға түсті. Айтулы жарыстарға жалпы саны 200-ге жуық адам қатысты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге тиесілі дипломдар мен медальдар табыс етілді.



тұста бір-бірімізге қуаныш сыйлап, тілегімізді білдіріп жатырмыз. Елімізге молшылық шақырып жатсақ, бұл – біздің ұлық мейрамға адал ниетіміз.

Биыл Наурыз мейрамының жаңа Ата заңымыз республикалық референдумда қабылданып жатқан уақытқа тұспа-тұс келуі халқымыз үшін тарихи сәт дер едім. Еліміздің алдағы даму бағдарын, Қазақстанның тарихы мен тағдырын айқындаған конституциялық реформаны қолдап, белсенділік танытқандарыңыз үшін алғысымды айтамын. Бұл аудан халқының бірлігі мен ынтымағын білдірді, Наурыз мейрамы жаңа, әділетті, озық Қазақстанның жаңғыруымен сабақтасып жатқандығын көрсетеді.

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтаймын. Сіздерге мықты

тоқшылық әкелсін, – деген өңір басшысы Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, ғалым Асхан



ЖАМАТ АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
ШҰҒЫЛА-RADUGA
Төле би көшесі 36 Б

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

**Бас редактордың
орынбасары:**
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ
Аружан КҮНТУБАЙ
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ
Құрбанәлі Шахабай
Жұматай Көксубайұлы
Ғалия АЛИЕВА

87059774177
87002642761
87474240395
87788758489
87088419629
87075853423

Дизайнер-теруші:
**Бас редактордың
орынбасары:**
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3094 Тапсырыс №156

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.